Ауыр салмақты және (немесе) ірі көлемді автокөлік құралдарының жүруіне арнайы рұқсат беру

Мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитетінің аумақтық органдары және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттеріндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдары
Қызметті алушылар	жеке және заңды тұлғалар
Қызмет көрсету орны	1) «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ; 2) Министрліктің Көлік комитетінің аумақтық органдары; 3) Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттеріндегі кеден органдары; 4) «электрондық үкімет» порталы
Қызметті көрсету мерзімдері	1) 1) құжаттарды қарастыру нәтижелері туралы хабарламаны беру: 2) тасымалдау бағытын келісу қажет болған жағдайда - 2 (екі) жұмыс күні; 3) тасымалдау бағытын келісу қажет болмаған жағдайда - 1 (бір) жұмыс күні; 4) автокөлік құралы табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жұмысқа тартылған жағдайда - 1 (бір) жұмыс күні; 5) 2) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ауыр салмақты және (немесе) ірі көлемді көлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсат (бұдан әрі - арнайы рұқсат) (он жұмыс күні ішінде алымды төлегенін растайтын құжатты көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен сәттен бастап) не бас тарту туралы дәлелді жауап - 1 (бір) жұмыс күні.
Қызмет құны	1) автокөлік құралының (жүкпен немесе жүксіз) жалпы нақты массасының жол берілетін жалпы массадан асып кеткені үшін – асып кеткен әрбір тонна (толық еместі қоса алғанда) үшін 0,005 еселенген АЕК мөлшерін құрайды. Автокөлік құралының (жүкпен немесе жүксіз) жалпы нақты массасының жол берілетін жалпы массадан асып кеткені үшін алым сомасы көрсетілген алым мөлшерлемесін осындай асып кету мөлшеріне және маршрут бойынша тасымалдаудың тиісті арақашықтығына (километрмен) көбейту арқылы айқындалады; 2) автокөлік құралының (жүкпен немесе жүксіз) нақты осьтік жүктемелерінің жол берілетін осьтік жүктемелерден асып кеткені үшін (әрбір артық жүк тиелген жеке, қосарланған және үштіктелген осьтер үшін):

Р/с №	Жол берілетін осьтік жүктемелерден нақты асып кету, %	Жол берілетін осьтік жүктемелерден асып кеткені үшін тариф (АЕК)

1	2	3
1.	10 %-ды қоса алғанға дейін	0,011
2.	10,0 %-дан 20,0 %-ды қоса алғанға дейін	0,014
3.	20,0 %-дан 30,0 %-ды қоса алғанға дейін	0,190
4.	30,0 %-дан 40,0 %-ды қоса алғанға дейін	0,380
5.	40,0 %-дан 50,0 %-ды қоса алғанға дейін	0,500
6.	50,0 %-дан жоғары	1

Алым сомасы жол берілетін осьтік жүктемелерден нақты асып кеткен мөлшерге сәйкес келетін мөлшерлемені маршрут бойынша тасымалдаудың арақашықтығына (километрмен) көбейту арқылы айқындалады;

3) автокөлік құралы (жүкпен немесе жүксіз) габариттерінің автокөлік құралдарының биіктігі, ені және ұзындығы бойынша жол берілетін габариттік өлшемдерден асып кеткені үшін:

Р/с №	Автокөлік құралдарының габариттік өлшемдері, метрмен	Жол берілетін габариттік өлшемдерден асып кеткені үшін мөлшерлемелер (АЕК)
1	2	3
1.	Биіктігі:	
1.1.	4-тен жоғары 4,5-ті қоса алғанға дейін	0,009
1.2.	4,5-тен жоғары 5-ті қоса алғанға дейін	0,018
1.3.	5-тен жоғары	0,036
2.	Ені:	
2.1.	2,55-тен (изометриялық шанақтар үшін 2,6-дан) жоғары 3-ті қоса алғанға дейін	0,009
2.2.	3-тен жоғары 3,75-ті қоса алғанға дейін	0,019
2.3.	3,75-тен жоғары	0,038
3.	Ұзындығы:	
3.1.	Жол берілетін ұзындықтан асып кететін әрбір метр үшін (толық еместі қоса алғанда)	0,004

Автокөлік құралы (жүкпен немесе жүксіз) габариттерінің автокөлік құралдарының биіктігі, ені және ұзындығы бойынша жол берілетін габариттік өлшемдерден асып кеткені үшін алым сомасы мынадай тәртіппен айқындалады:

	биіктік бойынша автокөлік құралының нақты габариттік мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерлемені маршрут бойынша тасымалдау арақашықтығына (километрмен) көбейту жолымен алынған, автокөлік құралы (жүкпен немесе жүксіз) габариттерінің биіктік бойынша жол берілетін габариттік өлшемдерден асып кеткені үшін алым сомасы, қосу ені бойынша автокөлік құралының нақты габариттік мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерлемені маршрут бойынша тасымалдау арақашықтығына (километрмен) көбейту жолымен алынған, автокөлік құралы (жүкпен немесе жүксіз) габариттерінің мөлшеріне ені бойынша жол берілетін габариттік өлшемдерден асып кеткені үшін алым сомасы, қосу ұзындық бойынша автокөлік құралының нақты габариттік мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерлемені маршрут бойынша тасымалдау арақашықтығына (километрмен) көбейту жолымен алынған, автокөлік құралы (жүкпен немесе жүксіз) габариттерінің ұзындық бойынша жол берілетін габариттік өлшемдерден асып кеткені үшін алым сомасы.
Құжаттар тізбесі	1) жеке басын куәландыратын құжат (тұлғаны сәйкестендіру үшін талап етіледі); 2) өтініш; 3) ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларын қоспағанда, ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты отандық және шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өтуі үшін алым сомасын бюджетке төлегенін растайтын құжат (хабарлма келіп түскен сәттен бастап).
Қызмет көрсету нәтижесі	Арнайы рұқсат немесе бас тарту туралы дәлелді жауап.
Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты	http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020499